

## **"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын қалыптастыру және қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 сәуір N 479

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының теміржол көлігін қайта құрылымдаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2001 жылғы 4 маусымдағы N 756 P010756\_ және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 P020310\_ қаулыларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Жолаушылар тасымалы", "Теміржолмашжөндеу", "Локомотивжөндеу", "Вагонжөндеу", "Теміржолсужылужабдықтау", "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорындары тиісінше "Жолаушылар тасымалы", "Теміржолмашжөндеу", "Локомотивжөндеу", "Вагонжөндеу", "Теміржолсужылужабдықтау", "Қазкөліксервис" ашық акционерлік қоғамдары (бұдан әрі - Қоғамдар) етіп қайта құру жолымен жарғылық капиталдарына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғамдар қызметінің негізгі түрлері:

"Жолаушылар тасымалы" - жолаушыларды, жүкті, теңдеме жүкті тасымалдау;

"Теміржолмашжөндеу" - темір жол көлігінің және басқа да салалардың жылжымалы құрамын, оның тораптары мен агрегаттарын жөндеудегі және жаңғыртудағы, қосалқы бөлшектер мен машина жасау өнімдерін дайындаудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету ;

"Локомотивжөндеу" - темір жол көлігінің локомотивтерді және моторвагондарды жылжымалы құрамды, оның тораптары мен агрегаттарын жөндеудегі және техникалық қызмет көрсетудегі, қосалқы бөлшектер дайындаудағы және қалпына келтірудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

"Вагонжөндеу" - темір жол көлігінің жүк вагондары мен рефрижераторлық секцияларды жөндеудегі және техникалық қызмет көрсетудегі, тораптары мен бөлшектерін қалпына келтірудегі, жылжымалы құрамды, оның тораптары мен агрегаттарын жаңғыртудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

"Теміржолсужылужабдықтау" - темір жол көлігінің және халықтың ауыз су, техникалық су және жылу берудегі, сужылужабдықтау және санитарлық техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсетудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су шаруашылығы және кәріз жүйелерінің қызметі;

"Қазкөліксервис" - контейнерлерді тасымалдауды және оларды жүк және қоймалық

терминалдарда өндеуді қамтитын темір жол контейнерлері тасымалын жүзеге асыру  
б о л ы п а н ы қ т а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастырылып жатқан "Жолаушылар тасымалы", "Теміржолмашжөндеу", "Локомотивжөндеу", "Вагонжөндеу", "Теміржолсужылу жабдықтау", "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының мүліктерін беру жолымен Қоғамдардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруды;

2) Қоғамдардың жарғыларын бекітуді және олардың мемлекеттік тіркелуін;

3) Қоғамдардың мемлекеттік пакеттерін "Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беруді;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 P001587\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 32-жолмен толықтырылсын:

32. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" ЖАҚ";

3) "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 P 0 2 0 3 1 0 \_ қаулысына:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының және 1-қосымшаға сәйкес оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының мүліктерін, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін беру жолымен Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруды;"

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:  
реттік нөмірлері 1, 4-7, 12-жолдар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:  
реттік нөмірі 3-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8-13-жолдармен толықтырылсын:

8. "Жолаушылар тасымалы" ААҚ.

9. "Теміржолмашжөндеу" ААҚ.

10. "Локомотивжөндеу" ААҚ.

11. "Вагонжөндеу" ААҚ.

12. "Теміржолсужылу жабдықтау" ААҚ.

13. "Қазкөліксервис" ААҚ."

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ